ЖАМБЫЛ СПОРТЫ №32 (509) 12 ҚАЗАН 2019 жыл 

# Жуалылық жастар сауапты іске ұйытқы болды

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының халық рухының тағы да бір дүр сілкінуіне, сонымен бірге төл тарихымызды түгендеп, абыройымызды асқақтатуға қосып отырған үлесі зор. Онда: «Кеңістік - барлық нәрсенің, ал уақыт - бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады», - делінген. Одан бөлек, аталған мақалада атқа міну мәдениеті туралы кеңінен айтылғаны белгілі. «Ат - ер қанаты» деп ұғынатын қазақ халқының дүниетанымы мен тұрмыс салтында, күнделікті шаруашылық өмірінде жылқының алар орны зор. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны айтылған. Оған тарихи дәлелдер жеткілікті. Қазақ пен жылқының жақындығы жөнінде көптеп айтылатыны да сондықтан.



сынан алып шыға алмақ.

Көкпарды білекті де жүректі жігіттердің ойыны дейтініміз сондықтан. Осынау көкпар бәсекесінде Нұржігіт Әбдіраков, Мұрат Әтеев, Әбілхан Аманкұл, Нұргелді Базарбекұлы сынды құрыш білекті балуан жігіттердің айы оңынан туып, олар өз кезегінде бірқатар салымға қол жеткізді. Одан басқа да шабандоздар ат дүбірлетіп, көкпар бәсекесін қыздыра түсті. Салым салған көкпаршыларға арнайы белгіленген салымдар беріліп жатты. Айта кету керек, көкпар барысында өз ата-бабаларының әруағына атап, салым тіккен ауыл азаматтарының қарасы мол болды. Мұны тірілердің әруақтарға жасаған құрметі деп білген жөн сияқты.

«Өлі ырза болмай, тірі байымайды» деген сөз бар халқымызда. Ауыл азаматтарының ақылдаса келіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруы көпті көрген аға буынды бек қуантатыны белгілі. Көкпар ойынының барысында

